

1 қыркүйек – «Білім күні мерекесіне» орай Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде мерекелік шара болып өтті. Шара барысында университетіміздің ректоры, академик **Серік Жайлауұлы Пірәлиев** бірінші курс студенттерін және барлық профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерді жаңа оқу жылымен құттықтап, **«Білім кілті»** мен **«Студенттік билетін»** табыс етті. Мерекелік іс-шара Қазақ эстрадасының жұлдыздары Құдайберген Бекіш, Индира Расылхан және жас талантты әнші Төреғали Төрәлінің және өнерпаз студенттерінің қатысуымен салтанатты мерекелік концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.





2015 жылдың 16 қыркүйегі мен 10 қазаны күндері аралығында Университет студент жастарының шығармашылық қабілетерін дамыту, орындаушылық шеберліктерін шыңдау, білім ордасында мәдени іс-шараларды сапалы ұйымдастырылуын қамтамасыз ету мақсатында талантты студент-жастар арасында кастинг жүргізілді. Кастингке университетіміздің барлық институттарынан 110 студент қатысып, олардың арасынан ән бойынша келіп қатысқан – 39 студент, би бойынша - 24 студент, жүргізушілік бойынша - 13 студент, поэзия оқу жанры бойынша - 10 студент, жеке шығармашылық өлең жазу бағыты бойынша - 3 студент, аспаптарда орындаушылық бойынша - 16 студент (оның ішінде домбыра шерту бойынша - 8 студент, гитарада ойнайтын – 2, фортепианода – 3, прима қобызда ойнайтын – 2 студент) келіп қатысты.





Отбасы күні аясында Тәрбие басқармасының ұйымдастыруымен шаралар кешені ұйымдастырылды. Атап айтқанда, **2015 жылдың 17 қыркүйегі күні** Филология институтында «Отбасы құндылықтарын сақтаудағы әйелдің рөлі», **2015 жылдың 19 қыркүйегі күні «Отбасы татулығы – дағдарыстан шығар жолдың бастауы»** атты Медеу аудандық көпбалалы аналар одағының мүшесі батыр ана Несіпхан Байсапарқызымен кездесу өткізілді.



2015 жылдың 19 қыркүйегі күні «Спартак» спорт кешенінде Алматы қаласы күніне орай Тәрбие басқармасы және Сауықтыру дене мәдениеті кафедрасының бірлесе ұйымдастыруымен **«Мәртебең арта берсін әсем қала!»** атты ректор кубогына арналған эстафета өтті. Эстафетаға 8 команда қатысып, сайыста күш сынасты. Университетіміздің Тәрбие ісі жөніндегі проректоры Ж.Е.Ішпекбаев мырза сайысты ашып, командаларға ойындарына сәттілік тілеп, Эстафетаның қортындысы бойынша бас жүлдеге Филология институты ие болды, I орынға Жаратылыстану және география институты, II орынға Көптілді білім беру институты, III орынға Педагогика және психология институты мен Тарих және құқық институты ие болды. Жеңіске жеткен командалар Студенттік кәсіподақ ұйымы тарапынан мақтау қағаздары және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



2015 жылдың 17-22 қыркүйек Қазақстан Республикасы Ассамблеясының 20 жылдығы аясында ҚР халқының Тілдері мерекесіне орай барлық институттарда **«Тілге құрмет–елге құрмет»** атты тіл апталығы ұйымдастырылды. Апталық аясында университетіміздің барлық институттарында шаралар кешені өткізілді.

2015 жылдың 22 қыркүйегі күні Көптілді білім беру институты Тәрбие басқармасымен бірлесе «Тіл тірегім – соғып тұрған жүрегім» атты әдеби кеш ұйымдастырды.

2015 жылдың 22 қыркүйегі күні Тәрбие басқармасы Филология институтынмен бірлесе «Мемлекеттік тілді дамыту бағыттары мен филологиялық білім беру парадигмаларының сабақтастығы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел жұмысын институт директоры, ф.ғ.д., профессор **Балтабай Әбдіғазизұлы** алғы сөзімен ашып, барлық қатысушыларды мерекелерімен құттықтады, ұлтаралық келісім мен бірліктің маңыздылығы туралы мазмұнды баяндама жасады.



Тілі апталығы **2015 жылдың 23 қыркүйегі күні** «Тіл халықтар достығының алтын діңгегі» атты танымдық акциямен қорытындыланды. Аталған акцияға елімізді мекендеген түрлі ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлері мен мәдениетін дәріптеліп, өнер сайысы ұйымдастырылды. Сайыс қорытындысы бойынша Филология институты **I орынға**, Жаратылыстану және география институты **II орынға**, Өнер, мәдениет және спорт институты **III орынға** ие болды. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтар және мактау қағаздарымен марапатталды. Шара университеттің өнерпаз студенттерінің концерттік бағдарламасына ұласты.



2015 жылдың 27 қыркүйегі күні Тәрбие басқармасы және Сауықтыру дене мәдениеті кафедрасының бірлесіп ұйымдастыруымен 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағында Алматы қаласының Альянс студенттерінің бастамасымен «Бірінші курстар декадасы» атты эстафета өткізілді. Жастарға салауатты өмір салтын насихаттап, студенттерді спортпен шұғылдануға шақыру мақсатында университеттің студенттері арасында ұйымдастырылды.

